



№72 (9855)

10 қыркүйек,
сенбі

2022 жыл

Газет
1934 жылғы
10 қаңтардан
бастап шығады.

Ауданның қоғамдық-саяси газеті

Жазала

Жаршысы



Президент

Жаңа Салық кодексі күшіне енеді

Президент «Ақорда» резиденциясында еліміздің бизнес-қоғамдастығы өкілдерімен кездесу өткізді. Жиында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекетті одан әрі дамыту жолындағы отандық кәсіпкерліктің рөлін талқылау бүгінгі іс-шараның негізгі мақсаты екенін атап өтті.

— Қазақстан халқына Жолдауымда экономикалық саясатымыздың негізгі мақсаты — бүкіл еліміздің әлеукаатын сапалы және инклюзивті түрде жақсарту ісі өзгермейтін ерекше атап өттім. Бұл мақсатқа еркін әрі тиімді нарықтық экономика құру арқылы ғана қол жеткізуге болады. Мемлекеттің экономикадағы жетекші рөлі, әсіресе мемлекеттің бизнес ісіне араласуы келмесе кетеді және солай болуға тиіс. Мемлекеттің міндеті — заңға бағынатын бизнеске ел ішінде де, халықаралық нарықта да қолдау көрсету, — деді Мемлекет басшысы.

Оның айтуынша, экономиканы монополиядан арылту және жаңа нарықтар ашу жұмыстары жалғасады, бәсекелестік жағдайы теңестіріледі.

— Енді қандай да бір тұлға басымдықтар берілмейді. Мемлекеттік аппараттағы байланыстары мен оның тарапынан жасалатын қамқорлыққа қарамастан, Қазақстанда адал бизнеспен айналысу кез келген адамға тиімді және қауіпсіз болуға тиіс. Бұл — негізгі ұстаным. Біз шағын және орта бизнесті дамытамыз. Кәсіпкерлердің жаңа буынын өсіруге, жаңа идеялар мен ой-пікірлерді қолдауға баса мән береміз. Сонымен қатар мемлекет ірі, қалыптасқан бизнесті қолдаудан бас тартпайды. Керісінше біз ең алдымен, сіздерді Әділетті Қазақстан құруға белсене атсалысуға шақырамыз, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент бизнес өкілдеріне осы мақсаттарға жету үшін бірқатар шешім қабылданатынын жеткізді. Атап айтқанда, салық саясаты мен салық әкімшілігі түбегейлі қайта қаралады. Ал 2024 жылы жаңа Салық кодексі күшіне енеді. Оны әзірлеуге бизнес тікелей қатысады.

— Бұл — менің Үкіметке берген тапсырмам. 2024 жылдан «басынан бастап реттеу» жүйесі іске қосылады. Бұл бизнесті артық әкімшілік қысымнан босатады. Мемлекеттік сатып алу тәсілдері мен мемлекеттік-жекеменшік әріптестік моделі толығымен қайта қаралып, жер қойнауын пайдалану жөніндегі заңнама жетілдіріледі, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы ірі бизнес өкілдерін қоғамды толғандыратын әлеуметтік мәселелерді шешуде шет қалмауға шақырды. Адам капиталға, атап айтқанда, заманауи балабақшалар, жайлы мектептер, ауруханалар, іргелі университеттер салуға, туризмді дамытуға инвестиция құюдың маңызды екенін қалерге салған Қасым-Жомарт Тоқаев кәсіпкерлердің қайырымдылық істер жасауды жалғастыратынына сенім білдірді.

— Қазір елімізде мектептердің, студенттер жатақханаларының, жастарға арналған спорт гимнадраттарының тапшылығы сезіледі. Сіздердің көмектеріңіз ел үшін елеулі болар еді, — деді Президент.

Жиын соңында Мемлекет басшысы билік пен бизнес арасындағы конструктивті диалогты жалғастырудың маңызды екенін атап өтті.

“ЖЖ” ақпарат

Кеңес

Кәсіпкерлікті дамыту — ел қазынасын еселеудің тиімді тетігі. Әсіресе шағын және орта кәсіптің үлесін көбейту арқылы жаңа жұмыс орындарын құрып, халықтың табысын арттыруға да мүмкіндік жоқ емес. Бұл ретте кәсіпкерлік саласының әлеуетін көтеру үшін бизнес өкілдерімен пікірлесу маңызды. Осы ретте облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев өңірдегі бизнес өкілдерімен кездесіп, ортақ мәселелерді талқылады. Басқосуға «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасы басқарма төрағасының орынбасары Тимур Нақыпбеков және облыс прокуроры Нұрлан Бижанов пен салалық құрылым басшылары қатысты.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ



Жиында отандық өнім өндіру, азық-түлік қорын көбейту және жергілікті тауар өндірушілерді қолдау шаралары мен өңдеу салаларының дамуы ашық айтылды. Аймақ басшысы мұнай қорының сарқылуына байланысты газ өндірушінің көлемін арттыруға басымдық берілгені, өндіріс орындарының жанынан ілеспе зауыттар ашу арқылы жаңа жұмыс орындары құрылатынын жеткізді. Сондай-ақ инвестиция тартуға қолайлы жағдай жасау арқылы кәсіпкерлердің жаңа жобаларды жүзеге асыруына мүмкіндік мол екенін қалерге салды.

— Инвесторларды қолдау мақсатында «Баїқоңыр» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясының рөлі күшеюде. Оның құрамында «Қызылорда инвестициялық және талдау орталығын» ашып, инвестиция тартуға кең мүмкіндіктері мен қызметтік байланыстары бар ірі кәсіпкерлерді шақырамыз. Алдағы уақытта агроөнеркәсіптік көшенді дамытуға



Кәсіпкерлерді қолдау бәсеңдемейді

басымдық береміз. Бұл бағытта бірінші кезекте ауыл шаруашылығының өнімділігін арттырып, агроөнеркәсіп өнімдерін өңдеу және экспорт көлемін арттыруды қолға аламыз. Өнім өндіруге ынталы азаматтарды қолдаймыз. Келер жылы экспортқа шығарылатын томат концентратын өндіретін зауыттың құрылысын бастаймыз. Ал әртараптандыру бағытында шет елдерде сұраныс көп азықтық жүгеріні егу қолға алынады.

“Ақжарма и К” шаруашылығы СГК-мен бірлесіп, жүгері өсіруге қажетті технологияны енгізуге инвестор тартуда. Мұнан бөлек агроиндустриялық зоналар ашу жоспарымызда бар, — деді Н.Нәлібаев.

Келелі кездесуде аймақ басшысы шетелдік кәсіпкерлердің тәжірибесі мен инновацияларын енгізу ісі басталғанын тілге тиек етті. Мәселен, украиналық инвесторлармен тұқым шаруашылығын дамыта отырып, күріш, бидай, жүгері, соя дақылдарының жаңа

сорттарын шығаруда ынтымақтастық орнаса, австралиялық «Рубикон» компаниясының суды пайдалануда тиімді тәжірибесі қолға алынған.

Жиында сөз алған облыстық кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының басшысы Мұса Қалдарбеков кәсіпкерлерді қолдауда әртүрлі көздерден 20 млрд теңге шамасында қаржы қаралып, бүгінде 700-ден астам жо-баға жеңілдікпен несіе берілгенін айтты. Ауылдық елді мекендердің кәсіпкерлері үшін шағын несиелер беру бағытында кәсіпкерлердің 393 жобасы 6,1 млрд теңгемен қаржыландырылған.

Басқосуда ауданды «Ер-Әлі» шаруа қожалығының төрағасы Әліби Бекжанов егін шаруашылығын әртараптандыру туралы тәжірибесімен бөлісіп, бақша дақылдарын көбейтудің желісін жандандыру мәселесін көтерді. Облыс әкімі азық-түлік өнімдерінің басым бөлігін сырттан әкелу тәуелділігінен

арылу үшін бақша дақылдарын егу ісінде жергілікті кәсіпкерлерді, ынталы бизнесмендерді әрдайым қолдайтын ашық айтты.

— Көкөністердің біразын көрші аймақтардан алатынымыз жасырын емес. Картопты Павлодардан, сәбізді Қостанайдан әкелудеміз. Қалғаны Түркістан облысынан келеді. Бұл проблеманы жою үшін егін егуге ынталы шаруаларға жер бөлуді тапсырып, оларға жағдай жасадық. Бақша өнімдерін, көкөністі егуге біздің өңірдің мүмкіндігі жетеді. Істі ілгерілетіп өкеткен шаруалар да бар. Күрішке ғана иек артып қоюға болмайды. Артылса, өнімді сатуға мүмкіндікті де қарастырамыз, — деді Н.Нәлібаев.

Айта кетейік, «Атамекеннің» бастама-сымен осындай кездесулер барлық облыста ұйымдастырылып жатыр. Қызылорда — тоғызыншы өңір. Ал кәсіпкерлік мәселесімен айналысатын жұмыс тобын құрып отырған әзірге жалғыз облыс.

Егінжай — 2022



«Ахметбаздағы» алғашқы орақ

Апта басында «Ахметбазадағы» күріш алқаптарына алғашқы орақ түсті. Жаз бойы жүздерін күн қағып, дала қосында қона жатып, еселі еңбек еткен «AB AGRO ORDA» ЖШС жұмысшылары күзгі егіс науқанына білек түріп белсене кіріскен. Әсіресе орақшы жігіттердің еңбекке деген құлшынысы артқан, егіс орағына қажетті күш көліктерін күні бұрын майлап, сақадай сайлап қойыпты. От алдырса, толқындалған сары теңізге түсіп, ел ырысына айналған ақ маржанды сүзгелі тұрған кемелер сынды — комбайндар әр атыздың басында қаз-қатар тізіліп тұр.

Аталған шаруашылық жылдағы дағдысынан жаңылмай биыл да егінге орақ түсірмес бұрын ақсақалдардан бата алды. Көпшілікке ортақ игі істің басына қашанда жақсылар мен жайсаңдар жиналады. Аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Садық Әлиев бастаған қариялар мен елағалары алғашқы орақтың рәсімінде салтанатты түрде лента қиып, «ел ырыздығы мол болып, қырман тасысын» деген ақжарылақ көңілмен бата-тілектерін жаудырды. Егіс даласындағы шараға аудан ардагерлерінен бөлек, аудандық мәслихат депутаты Асылбек Тәуіпбаев, Жалағаш ауданының Құрметті азаматы Кенжеғара Сүлейменов, аудандық жастар ресурстық орталығының директоры Нұржан Амандық, «Иманқұл» мешітінің бас имамы Айбек Мәдиев және басқа да арнайы шақырылған қонақтар қатысты.

Егілші жылда арманда, биыл да өнім жылдағы межеден төмен болмайды деген үміт бар және шаруашылық ұжымы жаз бойы сол бағытта бел шешпей еңбек етті. Жаздағы, әсіресе шілде айындағы аптап ыстықтар күрішке өте қажет болғанымен, бұл дақылдың тамыры суда тұрып пісетіні баршаға белгілі. Бірақ биыл осы аяқ су тапшылығы сезілді. Тек бізге ғана емес, егіс салған барлық шаруашылықтарға да оңай тиген жоқ. Бірақ аяқ

су тапшы екен деп қол қусырып қарап отыруға тағы болмайды. Ісін өну үшін аз ұйықтап, көп жұмыс істеуге тура келеді және қандай да бір шаруаға шын ниетті болсаң, түбінде оның нәтижесі де болады, еңбектің жемісін жейсің. Осы бағытта шаруашылықтағы барлық еңбеккерлер жұмыла жүріп тынымсыз еңбек еттік. Шүкір, егістің шығымы көңіл тоғайтады. Еңбек етіп, маңдайы терлегендерге Жер-Ана да бауырындағы ырызын аямайды ғой. Бұл алқапта бір шаруашылықтың ғана емес, бүкіл халықтың несібесі бар. Сондықтан бүгін егіс басына күріш қауызындағы әрбір түйір дәннің шығуына тілекші болған халықты, соның ішінде елге бас болған баталы қарияларды шақырып отырмыз, — дейді шаруашылық төрағасы Қанат Ниятқұлов.

Расында, егістіктегі мол өнім диқандардың жаз бойы еңбегі десек те, жерге түскен түйір тұқым көпшіліктің несібесі. Көктемде қолына кетпеген алып жерді оятқан шаруа да «көптің несібесі» деп тұқым себеді. Демек халық үшін деп жасалған іс берекелі болмақ.

Аталған шаруашылық 2019 жылы құрылса да, аз ғана уақыттың ішінде аяққа тұрды. Әрине шаруашылықтың егіс даласынан бөлек, сан қатпарлы жұмысы бар және оның барлығы да өз уақытында

атқарылуы тиіс. Әйтпесе кеш болады. Әйткені егіс — мерзімдік жұмыс. Жер баптаған диқанның бір күн тұрмақ, бір сағат уақыты қымбат. «Көктемнің әр күні — жылға азық» дегенді осы уақыт қадірін білетін диқан қауымы айтса керек. Сол қағиданы жұмыс барысында айнымас ұстанымына айналдырған шаруашылық құрылтайшысы мен төрағасы ұйымдас-тыру, үйлестіру жұмыстары бойынша ты-нымсыз еңбек етіп келеді.

«AB AGRO ORDA» ЖШС қазірде жетпіске жуық адамды жұмыспен қамта-масыз етіп отыр. Шаруашылық жұмыстың өнімділігі мен сапасын арттыруға аса мән беруде. Соның нәтижесінде техни-калық база түгелдей жаңарып, ескі «Еңесейлердің» орын заманауи «Магдон», «Джондирлер» ауыстырған. Биыл Ақсу ауылы бойынша 1000 гектар жерге және Қармақшы ауданында 1 250 гектар алқапқа Сыр салысын өсірген. Шаруашылық үлкен жобаларды қолға алған және олардың біршамасы жүзеге аса бастағанын да көріп отырмыз. Мәселен, былтыр құны 200 млн теңгені құрайтын күріш ақтау зауыты, жем өңдейтін цех және тұқым сақтайтын қойма салу жұмыстарын бастаған. Абай Боранқұловтың айтуынша, таяу арада аталған нысандардың құрылысы

ақталады. Демек шаруашылықтағы жұмысшылардың саны артып, ауданда жұмыссыздық деңгейі сәл де болса төмендейді деуге болады.

«AB AGRO ORDA» ЖШС бүгінде егін шаруашылығымен бірге ауданда мал ша-руашылығын өркендетуді де қолға ал-ған. «Бостай» учаскесіндегі 1000 гектар жайылымдық жерде 150 бас мүйізді ірі қара өсіріп, басын көбейтіп жатыр. Мал басын асылдандыру мақсатында Ресей-ден ет-сүт бағытындағы қалмақ сиыр-ларын әкелген.

— Биыл шаруашылық Ақсу ауылы бойынша 1000 гектар жерге тұқым сеп-ті. Бұл алқаптарға күріштің «Лидер», «Январь» сәкілді сұрыптарын өктік. Ол нарықта жоғары сұранысқа ие. Біздің өндірі мақсатымыз — егісті жауын-шашынға қалдырмай, төкпей-шашпай жинап алу. Қазір қырманда жұмыс қыза бастады. Дән құйып, тұқым сақтайтын қамбамыз да дайын.

Алдағы уақытта еңбек өнімділігін арттырып, тұқым сапасын жақсарту мақсатында біршама жобалар бар. Ағарлық салада озық алыс-жақын шет мемлекеттермен тәжірибе алмасуды жоспарлап отырмыз, — дейді Абай Боранқұлов.

Қуат АДИС

Аңдампа

Қазір қамба астыққа толып, диқандар науқанды қорытындылайтын мезгіл. Уақытында аяқ су мәселесі қос бүйірден қысқаны болмаса, ала жаздай күтімі келіскен күріштің биыл шығымы жаман болған жоқ. Сушылардың иығынан кетпен түсіп, көлесі міндет механизаторларға артылып отыр. Жергілікті шаруашылықтарға тиесілі егіс алқабының қай-қайсысына барсаңыз да бітік шыққан өнім мен оны астындағы комбайнымен сұлатқан механизаторларға кезігесіз.



Еңбегімен жер емген, бақ-беделге кенелген



Жолдау – жарқын болашақтың бастауы

Биыл 1 қыркүйекте Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауын жариялады. Иә, бұл саяси құжатта мемлекеттің жарқын болашағы жолында әрбір сала бойынша мақсат-міндеттеріміз айқындалды. 5 бағыттан тұратын Жолдауда жаңа реформалардың саяси, экономикалық, әлеуметтік және құқықтық бағыт-бағдары нақтыланды. Соның бірі – заң мен тәртіп.

Елімізде заң үстемдігін қамтамасыз етуде прокуратураның рөлі ерекше. Прокуратура заңдылықтың сақталуын жоғары қадағалауды, құқық қорғау және өзге де мемлекеттік органдардың заңдылықты, құқық тәртібін, сондай-ақ қылмысқа қарсы күресті қамтамасыз ету жөніндегі қызметін үйлестіруді жүзеге асырады.

Саяси құжатта Мемлекет басшысы адам өлтіру, қарақшылық жасау сияқты ауыр қылмыстардың көбейгені, бұл қылмыстар үшін жазаны қатаңдату және қылмыскерлерді мерзімінен бұрын босату тәжірибесін тоқтату қажеттігін қаперге салды. Бұл – дұрыс шешім. Себебі Қасым-Жомарт Кемелұлы айтқандай, соңғы жылдары елімізде орын алған қылмыстың бұл түрлерінде өсім барын байқаймыз. Енді аталған қылмыстарды азайту үшін алдағы уақытта қолданыстағы заңнамаға тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, мұндай қылмыстармен сотты болғандар жазасын толық өтейтін болады.

Соңғы жылдары ғаламтор, әлеуметтік желілер алаяқтардың оңай

олжаға кенелер ортасына айналған. Бұл сөзімізге дәлел келтіру үшін қыр асудың қажеті жоқ. Бір ғана Жалағаш ауданының өзінде биыл 5 алаяқтық қылмыс тіркеліп, жәбірленушілерге жалпы құны 6,3 млн теңге залал келтірілген. Аудан тұрғындарын осы қылмыстардан сақтауды мақсат етіп, аудандық прокуратураның үйлестіруімен, жергілікті атқарушы және полиция органдарымен қылмыстылықтың профилактикасы, соның ішінде алаяқтық, есірткі айналымына, меншікке қарсы қылмыстарды болдырмауға бағытталған бірлескен шаралар үнемі іске асырылып келеді.

Отбасылық зорлық-зомбылықты қылмыс санатына жатқызу мәселесі де қазір қоғам талқысында. Тұрмыста орын алып жатқан мұндай жағдайларды анықтау қиын, өріне. Себебі осындай оқиғаларды тергеп-тексеру оңай емес. Десе де Президент айтқандай, отбасылық зорлық-зомбылыққа көз жұма қарауға тағы болмайды. Мұндай теріс әрекеттің орын алуына себепкер тұлғалар жазаға тартылмаса, біздің қоғам-

да бұл мәселеге айналып соғатынымыз анық. Бір жағынан бұл біздің «Мемлекеттің басты құндылығы – адам» деген айқын ұстанымымызға тағы қайшы келетіні сөзсіз. Сондықтан мұндай әрекетке барғандарға жазаны күшейтетін уақыт жетті. Демек, енді отбасылық зорлық-зомбылықты жасаған тұлғалар үшін де жаза қатаңдатылады. Бұл өзгерістер бірінші кезекте ерекше қорғауды қажет ететін топ, яғни балалар мен әйелдердің құқығы мен мүддесін қорғауға және елімізде отбасы институтын нығайтуға бағытталғаны сөзсіз.

Бұдан бөлек Мемлекет басшысы игерілмеген жерлерді мемлекетке қайтару арқылы кәсіпкерлік субъектілеріне қайта табыстаудың экономикамыз үшін маңызы жоғары екенін ерекше атап өтті. Осыған дейін елімізде ауыл шаруашылығы мақсатындағы 2,9 млн гектар жер мемлекетке қайтарылған. Ал Жолдауда Президент жыл аяғына дейін 5 млн гектар жерді қайтарып алу межеленіп отырғанын айтады. Бұл елімізде әлі де

қаншама жердің мақсатты игерілмей жатқанын аңғартады. Осы мақсатта Президентпен жер саласын тексеруге тыйым салатын мораторийдің күші жойылған. Демек осыған дейін елімізде заңсыз берілген жерлерге қатысты олқылықты жоюға мүмкіндік жоқ емес.

Президент Жолдауында дәл осы мәселеге қатысты нақтыланған мақсат-міндеттерді орындау Жалағаш ауданында да жоспарлы түрде жүзеге асуда. Мәселен, аудандық прокуратураның ықпалымен осыған дейін жалпы құны 17 млн теңгеге құрайтын, 2 862 гектар жерге қатысты 15 игерілмеген жер учаскесі мемлекетке кері қайтарылды. Алдағы уақытта да аудандық прокуратура тарапынан игерілмеген жерлерді мемлекетке қайтару шаралары жалғасын табады.

Мемлекеттің тұрақты дамуының, саяси реформаларды іске асырудың кепілі – қоғамның тұрақтылығы мен қауіпсіздігі. Алайда жыл сайын елімізде халықты арандатып, заң бұзуға шақыру жағдайлары жиі кездеседі. Бұл тұста Президент «Бізге ел бірлігі ауадай қажет.



«Саяси плюрализмге ашықпыз, экстремизмнен қарақшылық пен бұзақылықтан қашықпыз» деген ортақ қағиданы бүкіл қоғамның есіне салғым келеді» деп мемлекеттің нақты ұстанымын мәлімдеп, халықты бірігіп, әділетті Қазақстанды құруға шақырды. Біздің де Қасым-Жомарт Кемелұлының бұл сөзіне алып-қосарымыз жоқ. Расында бірлік болмай тірлік болмайтыны белгілі. Мұны балаларымыз «Бақ бірлігі жарасқан елге қонады» деген бір ғана қанатты сөзбен бізге есiet етті.

Жалпы Жолдауда мемлекет болашағы жолында нақты мақсат-міндеттердің барлығы қамтылғанын жоғарыда айттық. Енді барша отандастардың алдында бір ғана міндет бар. Ол – саяси құжатта айқындалған мақсаттарды жұмыла жүзеге асырып, Президент айтқан әділетті Қазақстанды, берекелі қоғамды бірге құру.

Шыңғыс ЕСЖАНОВ,
Жалағаш ауданының
прокуроры

Жолдауды тыңдап отырып, өте өзекті мәселелердің шешімін табатынына сеніп отырмыз. Президенттің сайлау бағдарламасына сай жолдау екені де рас. Биыл күзде кезектен тыс Президент сайлауы өтеді. Көпшілікті ойландырып тұрған Мәжіліс сайлауы да шешілді. Келесі жылы көктемде Мәжіліс және мәслихаттар сайлауы өтетін болды. Ал Президенттің мерзім енді бір мәрте ғана жеті жылдық болмақ. Бұл – тұрақтылықтың нышаны. Жолдаудан түйгеніміз, бұл Жолдау халық жағдайын нақты қолдауға негізделген.



Әділетті Қазақстанның негізі – бірлікте

Ең бастысы, бұрын біздің түсімізге кірмеген елдің ұлттық байлығын әрбір отбасының пайдалануы енді жүзеге асатын болады. Бұл қарапайым қарашаның жағдайы жақсарады деген сөз. Ұлттық қордағы кірістің 50 пайызы 18 жасқа дейінгі балалардың шотына аударылады. Президент «Әрбір отбасы елдің ұлттық байлығын пайдаланудан нақты табыс алуы керек. Сондықтан мен жариялаған Балалар жылғы аясында жаңа «Балаларға арналған ұлттық қор» бағдарламасын іске қосуды аса маңызды деп санаймын. Ұлттық қордың жылдық инвестициялық кірісінің 50 пайызын балалар 18 жасқа толғанға дейін мерзімінен бұрын алу құқығынсыз арнайы жинақ шоттарына бөлуді ұсынамын. Көмелеттік жасқа толғаннан кейін жинақталған сома тұрғын үй сатып алуға және білім алуға жұмсалсады. Бұл қаражат ескелен ұрпаққа ересек өмірге нағыз жолдама береді. Қор шынымен де ұлттық мәртебеге ие болып, халық игілігіне қызмет ететін болады. Осы ауқымды істі жан-жақты зерделеу қажеттілігін ескере отырып, жобаны 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап іске қосуды тапсырамын» деді ел Көшбасшысы.

Балалар аманаты орындалып, келер ұрпақтарымыз осы игілікті Алла сәтін салса көретін болады. Төңірге түбеге деп, енді елде бейбіт өмір, тыныштық болсын деп тілейік. Мамыражай өмірдегі тәуелсіздік сыйлаған Төңір сыйы Балаларымызға, келер ұрпақтарымызға бұйырса одан артық бақыт бар ма, сірә?!

Келесі жағымды жаңалық қоғамымыздың негізін қалап, болашақта асыл армандарымызды орындайтын кейбір жастарымыз екі қолға бір жұмыс таппай жүргендері де кездеседі. Арасында баспанасыз жоқ, жоғарғы оқу орнына түсейін десе, қабілеті болғанымен қаржы таппай жүргендері де бар. Бірақ бұл олқылықтың да енді Жолдауда тапсырылған міндеттер кезең-кезеңімен жүзеге асса орны толмақ.

«Еңбекпен қамтитын түрлі шаралар арқылы келесі жылы 100 мың жасқа жұмыс беруіміз керек. Жастардың кәсіпкерлік бастамаларына қолдау көрсетіле бермек. Оларға жеңілдетілген тәртіптен жылдық өсімі 2,5 пайыздық шағын несие беріледі. Бұл шаралар қоғамның барына үйлесімді әрі әділетті болуына ықпал етеді.» деді мемлекет басшысы. Бұл дегеніңіз, енді жастар жұмыспен қамтылып, 2,5 пайыз несие ала алады.

Тағы бір жағымды жаңалық, енді айлығы шайлығына жетпей жүрген ағайындардың жалақысы өсіп, зейнет-ақы жасы 61 жасқа төмендейді. Ең төменгі жалақы деңгейі 60 мыңнан 70 мың теңгеге дейін көтерілсе, бұл 1,8 миллион азаматтың кірісіне тікелей әсер етеді.

«Зейнетақы жүйесін айтарлықтай жаңғырту қажет. Ең төменгі базалық зейнетақы мөлшерлемесін ең төменгі күнкөріс деңгейінің 70%-ына, ал ең жоғарысын 120%-ға дейін біртіндеп жеткізу қажет. Бұрын қабылданған шешімдермен бірге бұл 2025 жылға қарай жалпы зейнетақыны орта есеппен 27%-ға арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, көп әлеуметтік сұранысты ескере отырып, әйелдердің зейнетке шығу жасы 2028 жылға дейін 61 жас деңгейінде бекітіледі» деді президент.

Қоғам күткен тағы бір оң қадам қаңтар қасіретіне байланысты рақымшылық жасалуы болды.

«Мемлекет қаңтар оқиғасына қатысқан, бірақ ауыр қылмыс жасамаған азаматтардың жазасын жеңілдетті. Заң бұзғандардың бірқатары кінесін түсініп, өткен іске өкініп отыр. Оларға көшіріммен қараған дұрыс деп ойлаймын. Сондықтан, мен қаңтар оқиғасына қатысушыларға бір реттік рақымшылық жариялау туралы шешім қабылдадым. Рақымшылық жалпай тәртіпсіздікті ұйымдастыруға қатысушы бар адамдарға, сондай-ақ, мемлекетке опасыздық жасағаны және билікті күшпен басып алуға әрекеттенгені үшін айыпталғандарға қолданылмайтын түсінікті. Сондай-ақ, лаңкестік және экстремистік қылмыс жасағандарға, рецидивистерге, жұртты азаптағандарға рақымшылық болмайды. Біз адамгершілік таныта отырып, осы қайғылы оқиғадан тиісті қорытынды жасаймыз. Мұндай жағдай енді ешқашан қайталанбайды. Бұған жол бермейміз. Қаңтар оқиғасы кезінде қаза болған азаматтардың жағдайы төмен отбасыларына материалдық көмек беріледі. «Қазақстан халқына» қоры да осы игі іске лайықты үлес қоса береді деп ойлаймын» деді Мемлекет басшысы.

Біздің елде қаншама миллиардтар жұмсалса да, сапасы сын көтермейтін жолдар бар екені жасырын емес. Жолға шыққан жоласушылар тарам-тарам күре жолдардың игілігімен талай шаруаларын бітіріп, елдің экономикасы өркендетуге үлес қоса. Ел Президенті тапсырмасындағы осы өзекті мәселе сапалы, стандартқа сай жасалса, қаншама сапарлаған халықтың дідтеген жеріне сәтті жетуіне жәрдемі болатыны бесенеден белгілі. Енді Алла қаласа, бұл мәселе де шешімін табады деп отыр президент.

«Мен 2025 жылға дейін жергілікті жолдардың кемінде 95 пайызын жақсарту жөнінде тапсырма бердім. Үкімет бұл мәселені тікелей бақылауға алыс. Жол құрылысындағы заңсыздықтарды анықтау қажет. Бұл жұмыстан нақты нәтиже шығару керек. Бізде әлі күнге дейін битум тапшы. Бұл – ірі көлемде

мұнай өндіретін ел үшін тіпті, ұят жағдай. Үкімет осы мәселені түбегейлі шешуге тиіс» деді ол.

Әсіресе елде тұратындар үшін ауылшаруашылығы дамып, субсидиялау жолға қойылғаны маңызды. Қазір ауылшаруашылығы саласы үлкен мемлекеттік қолдау күтеді. Субсидияның көбісі суға кетуде. Сондықтан да Жолдауда бұл салаға да баса назар аударылды.

«Еліміздің ауыл шаруашылығы өнімдерінің көлемін және оның қосымша құнын арттыру қажет. Бұл – стратегиялық міндет. Қазір тек бидай мен мал сатып отыратын заман емес. Үкімет агроөнеркәсіп саласын субсидиялаудың ұзақ мерзімге арналған жаңа тәсілдерін әзірлеуге тиіс. Бюджет қаражатының қайтарымы болуы керек. Мемлекет қаржыны оңды-солды шашып, ысырап етуге жол бермейді. Субсидия бөлуге және оның жұмсалынуы жүргізілетін бақылауды күшейту керек» деді Қ.Тоқаев.

Шағын бизнеспен айналысатындар саны қазір көбейіп, кәсіпкерлер қатары артып келеді. Бұл мемлекеттің дамуына да өзінің оң әсерін беретіні анық. Сондықтан енді шағын бизнеске қолдау жасалып, жаңа салық кодексі дайындалмақ. Ол 2023 жылы жүзеге аспақ. «Салықтық өкімшілендіруді толығымен жаңарту қажет».

Сондай-ақ кез келген бетпе-бет өзара әрекеттесуді болдырмай, салықтық бақылауды толық цифрландыруды қамтамасыз ету қажет» деді президент.

Білім – болашаққа салынған инвестиция деп бекер айтылмаған. Енді бұрынғыша балабақша мен мектепке ерекше қамқорлық жасала береді. Қазір балабақша мәселесі өте қиын. Президенттің айтуынша, бізде екіден алты жасқа дейінгі балалардың жар-тысынан астамы ғана балабақшаға барады, мұндай олқылыққа жол беруге болмайды.

Мемлекет басшысы «Қазаққа «Ел боламын десең, бесіңді түзе» деген сөз бар. Сондықтан мектепке дейінгі тәрбие жұмысы басты назарда болуы керек. Балаларды балабақшамен қамтамасыз ету мәселесін түпкілікті шешу қажет. Оған қоса, тәрбиешілердің әлеуметтік мәртебесін арттырып, жалақысын көбейту керек» деп, өте өзекті мәселеге назар аударды.

Ал біздің аймақта бұл мәселе онды шешімін тауып отыр дегуге болады. Басқа облыстарда бұл күрмеулі күйінде қалып отырғанын байқап жүрміз.

Сол секілді биылдан бастап, бірінші сынып оқушыларының тек мемлекеттік тілде оқуын ел қатты қолдап, қуана қарсы алды. Жолдауда бұл мәселе де ұмыт қалған жоқ.

«Орта білімнің сапасы – табысты ұлт болудың тағы бір маңызды шарты. Әрбір оқушының білім алып, жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдай жасалуға тиіс. Сол үшін «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы қолға алынды.

Біз 2025 жылға дейін 800 мың баланың заманауи мектепте оқуына жағдай жасаймыз. Осылайша, апатты жағдайдағы және үш ауысыммен оқитын мектеп мәселесін толық шешеміз. Бұл ауыл және қала мектептерінің айырмашылығын едәуір азайтады. Жалпы, мектеп салу Үкімет және әкімдіктер үшін басты міндеттің бірі болуы керек. Мектеп формасын барлық оқушыға барынша қолжетімді ету аса маңызды. Әлеуметтік тұрғыдан әлсіз саналатын кейбір топтағы балаларға оны бюджет есебінен беру қажет деп санаймын. Мектеп формасына арналған мемлекеттік тапсырысты отандық жеңіл өнеркәсіпті дамытуға бейімдеген жөн» деді президент.

Бұл жердегі астын сызып айтатын зор қолдау – мектеп формасын барлық оқушыға барынша қолжетімді ету мақсатында әлеуметтік тұрғыдан әлсіз саналатын топтағы балаларға оны бюджет есебінен беру мәселесі болды. Кеше ғана балалары мектепке барған ата-аналар бір баласына форма мен керек-жарағын алу үшін екі жүз-үш жүз мың теңге жұмсағанын айтып, торыаду.

«Мектептің жаңы – мұғалім», «Алты Алаштың басы қосылса, төрдегі орын – мұғалімдік» деп тауып айтқан Алаш арыстарынан сөз қалмаған.

«Әділетті Қазақстанды құру ісінде мұғалімдердің рөлі айрықша екені сөзсіз. Мемлекетімізде соңғы жылдары ұстаз мамандығының абайоры-беделін арттыру үшін көп жұмыс жасалды. Дегенмен, бұл бағытта әлі де біршама өзгерістер жүзуге қажет. Педагогикалық жоғары оқу орындарын аккредитациялаудың жаңа стандарты қабылданады. Сондай-ақ, ұстаздардың құзырет аясы айқындалады» деді президент.

Айта кетейік, Жалағаш ауданында аудан әкімі Асқарбек Есжановтың төрағалығымен Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың Жолдауындағы негізгі тапсырмаларын жүзеге асыру мәселесіне арналған актив отырысы өтіп, онда әр сала басшыларына нақты тапсырмалар беріліп, бұл жұмыстардың алдағы уақытта қатаң қадағаланатыны айтылды.

Шыңдығында барша қазақстандықтар үшін бұл Жолдау экономикамызға да, рухани өмірімізге де, ауылшаруашылығына да, білім мен ғылымымызға да ерекше серпін мен жаңару мен жаңғыруға қолдау мен жаңа идеяларға бетбұрыс болатыны айқын.

Гауһар ҚОЖАХМЕТОВА

Тілге құрмет, ұлтқа тағзым

Осы аптада мәдениет және өнерді дамыту орталығында Қазақстан халқы тілдері күні мерекесіне орай «Мемлекеттік тіл – менің тілім» атты салтанатты шара өтті. Оған тіл жанашырлары, ұстаздар, жастар, өнер сүйер қауым қатысты.



Тіл – әр халықтың ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан қасиетті құралы, оны келешекке жеткізу – бүгінгінің міндеті. Түрлі ұлттардың мәдени сыйластығымен ел бірлігін сақтау, ұлттың ғана мүддесін көздеумен шектелмейтіндіктен Қазақстанда тұратын барлық этностардың ана тілдерін, мәдени мұралары мен дәстүрлерін еркін дамытуға аса көңіл бөлінген.

Елімізді мекендейтін әртүрлі ұлт өкілдері бүгінгі таңда қоғамдық келісім мен тұрақтылықты сақтап, ынтымақ пен бірлігімізді паш етіп отырады. Міне, бұл мерекенің маңыздылығы осында жатыр.

Бүгінгі маңызды мерекемен Жалағаш аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Таңатар Доспанов құттықтап, ерекше шараның халыққа, жас буынға берер тәрбиесі мен тәлімі мол екеніне тоқталды.


– Тіл қандай ұлтта, елде болсын ерқашан қастерлі де, құдіретті. Ол адамға ана сүтімен бірге өніп, қалыптасады. Тіл – әрбір ұлттың жаны. Бұл туралы Ел Президенті үнемі тіл құдіретіне мән беріп, оны насихаттап отыруды әр Жолдауында қаперге салып отырады. Олай болса, ел құрметтеген тіл мерекесі құтты болсын! Халқымыздың бай салт-дәстүрлері ұрпақтан-ұрпаққа жалғаса берсін, – деді бөлім басшысы.

Мұнан соң бірқатар тіл саласын дамытуға белсенді үлес қосқан тіл жанашырлары құрметтеліп, Жалағаш ауданы әкімінің алғыс хатымен марапатталды. Мемлекеттік тіл мәртебесін көтеруге зор үлес қосып, еңбегі бағалағандар қатарында «Халықаралық Қазақ тілі қоғамы» бірлестігі Жалағаш аудандық филиалының төрайымы Дина Мирман, Ақын-сазгер, №201 мектеп-лицейінің мұғалімі Айкүміс Орынбаева, өзіміздің әріптесіміз, «Жалағаш жаршысы» газеті бас редакторының орынбасары Гауһар Қожахметова, аудандық индустриалды-аграрлық колледжінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Сәрсенқұл Ақисаева, аудандық аурухананың жұқпалы аурулар бөлімінің медбикесі Виолетта Бондаренко, аудандық мәдениет және өнерді дамыту орталығының әдіскері Маралдым Әбдікерімова, «Шұғыла» балабақшасының тәрбиешісі Тұрар Кенбаева, кент әкімі аппаратының бас маманы Гүлназия Шайхысламова, З.Жарқынбаев атындағы №202 орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Гүлжанат Кеңесбаевалар бар.

Тіл мерекесіне орай ұйымдастырылған шара соңы аудан көркемөнерпаздарының концертіне ұласты.

Ж.ЖАЗКЕН






Тарих

Ахмет Байтұрсынұлы – ұлт ұстазы

Ұлттық жазудың реформаторы, ұлы ағартушы педагог, Алашорда өкіметінің мүшесі, қазақ халқының 20 ғасырдың басындағы ұлт-азаттық қозғалысы жетекшілерінің бірі, мемлекет қайраткері, көрнекті лингвист, түркітанушы, ақын, аудармашы, әдебиеттанушы, бірқатар оқулықтар мен оқу құралдарының авторы Ахмет Байтұрсынұлы 1872 жылы 5 қыркүйекте қазіргі Қостанай облысы, Жангелді ауданы Сарытүбек ауылында қарапайым отбасында дүниеге келген. Ахмет Байтұрсынұлының атасы Шошақ әкесі батыл және адуынды адам болды. Бір күні ол облыс басшысы Яковлевпен жанжалдасып қалып, оны қамшымен сабап, отбасы және туыстарымен бірге ауданнан қуып шығады. Сонда уездік басшы жазалаушы жасақ жіберіп, Байтұрсын мен оның інісі Ақтасты түрмеге жабады. Сонда сот ағайынды Шошақ ұлдарын Сібірге 15 жылға ауыр еңбекке тарту туралы үкім шығарды.



Сол жылы Ахмет он жаста еді. Бұл оқиғалар баланың санасында өзінше көрініс тапты. Бұл оның кейінгі әрекеттерінің негізі болды. Осы жағдайдан кейін Ахметтің өмірінің басты мақсаты қазақ халқының еркіндігі үшін күрес болды. Ал жер аударылған Байтұрсын мен Ақтастың балалары, соның ішінде Ахмет Ақтастың ең кіші ұлы Ерғазының қамқорлығында қалды. Ол Ахмет пен бауырларын Торғайдағы екі сыныптық орыс-қазақ мектебіне оқуға түсіреді. Кейін Ахмет 1895 жылы Орынбор мұғалімдер мектебіне түсті.

Байтұрсынұлының педагогикалық қызметі 1895 жылы басталады. 1906-1907 жылдары Ахмет Байтұрсынұлы Ақтөбе, Қостанай және Қарқара аудандарындағы мектептер мен колледждерде мұғалім болып жұмыс істеді.

Қарқаралыда сабақ берген Ахмет Байтұрсынұлы биліктің қазақ халқына жасаған әділетсіздігінің көптеген көріністеріне тап болып, оларға қарсы шығады. Бұл әрекетімен ол полицияның бақылауына түсіп, 1909 жылдың шілдесінде қамауға алынады. Сондықтан Ахмет Байтұрсынұлы 1895 жылдан 1909 жылға дейінгі кезеңде тек оқытушылықпен ғана емес, сондай-ақ белсенді революциялық әрекеттермен де айналысады. Ол білім беру, ағарту ісі әлеуметтік жағдай өзгерген кезде ғана адамдарға пайда әкелетінін түсіндірген ағартушылардан болды.

Ахмет көбінесе жергілікті шенеуніктердің патшалық тәртіптің саясатына, озбырлығына қарсы сөйлейді. 1905 жылы Ахмет Байтұрсынұлы бастаған қазақ зиялыларының бірнеше өкілі патша үкіметіне жерді әділ пайдалану туралы ұсыныспен, жергілікті тұрғындар үшін «жергілікті басқару мекемелер жүйесін» құру және дала қазақтарының құқығын құрметтеу туралы өтініш жазды. Қазақ зиялыларының ұсынысы әрине, қабылданбады және хатқа қол қойғандардың барлығы патша әскерінің бақылауына алынды.



1907 жылы Байтұрсынұлы мен оның жолдастары астыртын жұмысқа кіріседі. Бірақ революционер жолдастардың арасында ең жолдастарын сатып кеткен сатқын болды. 1907 жылдан 1909 жылға дейін Байтұрсынұлы Қарқаралы түрмесінде отырды, содан кейін ол қысқа уақытқа босатылды. 1909 жылдың 1 шілдесінде қайтадан қамауға алынды. 1910 жылдың 21 ақпанына дейін Семей түрмесінде отырады. Содан кейін

оны қазақ даласынан қудалап, туған елінен шығарып жібереді. Сондықтан Қазақстанға бару құқығынан айырылған Байтұрсынұлы 1910-1917 жылдары аралығында Орынборда өмір сүрді.

Билік Байтұрсынұлын мұғалімдік қызметтен босату туралы қаулы шығарады, 1910 жылдан 1917 жылдың наурызына дейін Ахмет Оренбургте заңсыз тұрды. Бірақ ол әдеби және саяси қызметін жалғастырды. 1911 жылы оның «Маса» атты өлеңдер мен аудармалар жинағы жарық көрді. 1913 жылы наурыз айында Оренбургте қазақша газет шығара бастады және 1917 жылға дейін онда редактор болып қызмет етті.

Ахмет Байтұрсынұлы «Қазақ» газетінің бірінші санындағы халыққа арнауын былай деп аяқтады: «Аталы жұртымыздың, адуынды ұлтымыздың күштің ұлғаюына күшін қосып, көмектесе қызмет ету — қазақ баласына міндет. Қызмет етем десендер, азаматтықтың зор жолының бірі осы»

Қазақ газетінде қазақ қоғамының өзекті мәселелеріне жазылған мақалалар жарық көрді және бұл газеттің маңыздылығы зор болды. Алғашқы жылдары газетке жазылғандардың саны 3000 болды, ал жабылғанға дейін оның таралымы 8 000 данаға жетті. «Қазақ» газеті отаршылдық саясатты ашық түрде сынағаны үшін жабылды және оның редакторы Ахмет Байтұрсынұлы бірнеше рет әртүрлі қудалауға ұшырады.

Мәселен, 1914 жылы облыстың баскармасы туралы ереженің жобасын сыңға алған мақала үшін Оренбург губернаторы Сухомлинов газетке 1500 рубль мөлшерінде айыппұл салған. Ал оны төлемеген жағдайда газет басшысы үш айға түрмеге жабылуы мүмкін еді. Бірақ газетте осындай сома болмағандықтан, Байтұрсынұлы денсаулық жағдайының нашар болғанына қарамастан үш ай бойы түрмеде отыруға келісті. Дегенмен,

1917 жылдың шілдесінен бастап «Қазақ» газеті «Алаш» партиясының баспа органына айналды, бірақ біраз уақыттан кейін Торғай кеңесі съезінің шешімімен басылым жабылып қалды.

Алаш партиясының негізі қаланғаннан бері Ахмет оның алдыңғы қатарында болды. Алайда 1919 жылы «Алаштың» бірнеше идеясымен келіспей, Байтұрсынұлы партия қатарынан шығып, Кеңес мекемелерінде қарапайым қызметкер болып жұмыс істейді.

1920 жылдың қазан айынан 1921 жылдың қазанына дейін Халық комиссары, 1920 жылдың қазанынан 1922 жылдың маусымына дейін ҚАССР комиссарының зерттеу қоғамының құрметті төрағасы болды.

1922-1925 жылдары Қазақстан Халық ағарту комиссариаты жанындағы ғылыми-әдеби комиссияның төрағасы, Халық ағарту комиссары, Бүкілресейлік ОАК-ның, ҚР ОАК-ның мүшесі, Түркістан Компартиясы ОК-ның органы «Ақ жол» газетінде қызметкер, Жетісу және Сырдария облыстарын қосуға арналған өкілетті комиссияның мүшесі, Қырғыз облысының зерттеу қоғамының құрметті төрағасы болды.

Сонымен қатар 1921-1925 жылдары Орынбордағы Қазақ халық ағарту институтында қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ берді. 1925-1928 жылдары Ташкентте Қазақ педагогикалық институтында оқытушы болып жұмыс істеді. 1928-1929 жылдары Алматыдағы Қазақ педагогикалық институтының «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының профессоры болды.

Жиырмашыңшы ғасырдың жиырма-сыңшы жылдары Қазақстан үшін өте ауыр болды. Сол жылдары зиялы қауым өкілдерін белсенді қудалау басталды. 1929 жылдың 2 маусымында Ахмет Байтұрсынұлы тұтқындалып, бірнеше аптадан кейін Архангельск облысына жіберілді. Ал отбасы, әйелі Александра мен қызы Шолпан Томскіге жер аударылды. Жазушының барлық туындылары, өлеңдер мен аудармалары, мақалалары мен ғылыми зерттеулеріне тыйым салынып, оқусыз қалды.

1937 жылы Байтұрсынұлы қуғын-сүргіннен оралады. Оның бостандыққа шығуына Максим Горький мен және оның жұбайы Пешкованың хаты себепші болды. Ол Халықаралық Қызыл Крест депдалдығында әрекет етіп, көптеген кінесіз тұтқындардың босатылуына көмектесті. Алматыда Байтұрсынұлын жұмысқа алудан бас тартады.

1937 жылы 8 қазанда ол қайтадан тұтқындалып, біраз уақыттан кейін ату жазасына кесіледі. Ұлт-азаттық қозғалыстың көрнекті көшбасшысы, ұлағатты ұстаз Ахмет Байтұрсынұлы тек 1989 жылдың қараша айында ақталды.

Ахмет Байтұрсынұлы — фольклор бойынша жазылған көптеген сыни мақалалардың, заманауи қазақ поэзиясы және прозасы проблемаларының авторы. Ол қазақ тілінің негіздерін негіздей отырып, ауызша халық шығармашылығының үлгілерін зерттеді. 1923 жылы Мәскеуде «Ер Сайын» атты қазақ эпосын басып шығарып, оған алғы сөз жазады, басылымды ғылыми анықтамалық материалмен дәлелдейді.

1926 жылы Ахмет қазақ халқының қаза тапқандарды еске алатын күрделі кезеңдердегі қазақ тілінің байлығын куәландыратын «Жоқтау» жинағын шығарады. Бұл жинақта Қазыбек би, Абылай хан және басқа да танымал халық қаһармандары және батырлары туралы халықтық жоқтау өндері шығарылды.

Ахмет Байтұрсынұлының әдеби және ғылыми мұрасы өзінің жақсы

атымен қатар ақталып, біздің заманымызда XX ғасырдың сексенінші жылдарындағы халыққа қайтарылды. Оның барлық шығармалары көрші халықтардың, орыс және қазақ мәдениетін байланыстыратын, жаңа тарихи қоғамдастықтың іргетасын қалайтын әдебиеттің жалпы қабатын қалыптастыруға қызмет етті.

Ол көрнекті түркітанушы болды. Ахмет Байтұрсынұлы — қазақ фольклорына үлкен үлес қосқан ағартушы. Фольклорлық жұмыстарды жинау және жариялаумен айналысты. Атап айтқанда, ол «Жоқтау» жинағын шығарды, ал 1895 жылы «Торғай» газетінде Ахметтің өзі жинаған «Қазақтың ырымдары мен мақал-мәтелдері» жарияланды.

Байтұрсынұлы — қазақ тіл білімін дамытуда айрықша маңызға ие болған тұлға. 8 ғасырдан бастап қазақ даласына исламның таралуына байланысты араб жазуы біртіндеп ене бастады. Араб әліпбиінде қазақ тілінің барлық дыбыстарының нақты көрінісі үшін қажетті көптеген әріптер жетіспегеніне қарамастан қазақ тілі араб әріптері негізінде құрылды. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тілінің табиғатын терең зерттеп, араб тілінің негізінде жаңа қазақ алфавитін құрды.

Ол сол кезде қазақ тілінің даму қажеттіліктерін қанағаттандырмайтын, оның грамматикалық және фонетикалық құрылымын көрсетпейтін латын, әсіресе орыс алфавитін енгізуге қарсы болды. Ол өз халқына әліпби сияқты, қазақ тілінің фонетикасы, морфологиясы, синтаксисінің негізін қалады, алғашқы оқулықтарды жазды. Ресми түрде ҚР Ғылым Академиясының Тіл білімі институты Ахмет Байтұрсынұлының есімімен аталды.

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әдебиетінің тарихын мен әдебиет теориясы бойынша зерттеулерге үлкен үлес қосты. Мысалы, ол Абай оқуларының негізін қалаған, сонымен бірге Абай Құнанбаев туындыларының рөлі мен маңызы туралы алғашқы мақалалар Байтұрсынұлының қаламынан туған. Абайдың романдары, фольклор тасымалдаушылар туралы жазды. 1920 жылы Қазан қаласында «Баянның» кітабы жарық көрді. Сондай-ақ «Әдебиет теориясы» еңбегі де қазақ әдеби сынының дамуында ең маңызды рөл атқарды.

Өте ұзақ уақыт, яғни 1950-1960 жылдары Ахмет Байтұрсынұлының есімі «қылмыскер» ретінде сотталған адам деп аталып келді. 1988 жылдың 4 қарашасында ҚАЗАҚ ССР Жоғарғы соты Байтұрсынұлыты ешбір қылмысы жоқ деп тауып, оны толық ақтау туралы шешім қабылдады. Сөйтіп ғалымның адал азаматтық есімі қалпына келтірілді.

Мұхтар Әуезов суреттегендей, Ахаң ашқан қазақ мектебі, Ахаң түрлеген ана тілі, Ахаң салған әдебиеттегі өлшілік ұраны — «Қырық мысал», «Маса» қазақ газетінің 1916 жылдағы қанжылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымас қайратын біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер... Ахаң — еңбегі жанған жанның бірі. Істеген ісінің-артынан келе жастар. Оның арты Ахаң мектебіне тізіліп кіріп жатқан жас буың. Қаламнан тамған бал ем болудан айнымайды.

Сәкен Сейфуллин де «Ахмет Байтұрсынұлы қазақ ұлтына жанын аямай қызмет қылды... халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бөйгеге тікті» деп баға берді.

**Қанат Тұрғанов,
№203 орта мектептің
тарих пәні мұғалімі**

Ойтамызық

Қазақтың әр дәстүрі — дәріс

Байқап жүрсеңіздер, қазір біз жаппай қазақы дәстүрдің бірі дастарханның айналасына малдас құрып немесе отырып тамақтанудан қол үзіп барамыз. Сылтауымыз бәрімізге жинауға ыңғайлы, әрі аяғымыз ауыратын болғасын тұрып кетуге ыңғайлы деп биік үстел жағалап, орындықтарға қаздай тізіліп отыратын болдық. Бұрын аналарымыз, әкелеріміз қалаға барса, «қалалықтар биік үстелге отырып шай ішеді. Өте қолайсыз. Беліміз ауырады. Арқа сүйеп отыратын жастық та жоқ. О несі екен? Солар орыс ойына келгенін істейді деп. Солар орыстанып кеткен-ау» деп жақтырмай айтып отыратын. Сосын қараша үйдің ішіне көрпеше салдырып, ортаға ұзын дастарханды жайғызып, жата-жастанып, рахаттанып, терлеп-тепшіп, өткен-кеткеннен әңгіме қозғайтын.



Дастархан да оңайлықпен жиыла қоймайтын. Ол кездің адамдарында жұмыс жоқ дейін десеп бейнеттің бәрі ауылда. Самаурын-самаурын шай қайнатып, күбі пісіп, құрт қайнатып, май шайқап, табаға нан көмір, мал сауып, бау-бақшаны гүлдendirіп, тезек теріп, отын жарып, от жағып, күл шығарып, мінағашпен су таситын аналарымыз «орысқа ұқсап» деп биік үстелдерге шоши қарайтын.

Ал қазір бәрі басқаша. Ауыл болсын, қала болсын залында үстелдер қаздай тізіліп тұрмаса қонақ шақырылмай қалатындай асып-асады. Бір құрдасымызға бір досымыз қарап отырмай әзілдеп «Бисеке, жаңа үйге кірдің. Дағарадай үйін бар. Дәулетің бар. Дүкенің бар. Кластастарға бір шай беруге жарамадың ғой» деп қойып қалғанда өлгі үй салған құрдасымыз көдімгідей абыржып «Үйге әуелі сендер сиятын үстелдер мен орындықтар сатып алайыншы. Сосын міндетті түрде қонақ қыламын» деген болатын.

Иә, шынында осы биік үстелді жағалай ас ішу күнделікті дәстүрге айналып бара жатыр десем қателеспейтін шығармын. Бірақ қазіргі ғалымдар адам тамақ ішкенде малдас құрып отырғаны пайдалы екенін дәлелдеді. Яғни қазіргідей жаппай үстелде отырып тамақ ішкеннен дастарханды жерге төсеп, малдас құрып отырған әлдеқайда артық екен.

Біріншіден, еденде малдас құрып отыру йогамен айналысқанмен бірдей. Үш - төрт мезгіл осындай күйде дене мен миды босансытса, оған аса жағымды әсер етеді. Екіншіден, бұл ас қорыту жүйесіне қолайлы. Адам малдас құрып отырғанда үнемі еңкейіп-тіктелу арқылы құрсақ аумағы бұлшық еттерін қозғалысқа көлтіреді. Бұл кезде астың асқазан сөлімен араласып, оның асқазан мен ішекте дұрыс қозғалуы жақсарады.

Үшіншіден бұл арқылы дене иілгіш болады, қуаттанады. Тізе, сегізкез, саң, омыртқа, иық, кеуде қуысы аумақтарының бұлшық еті жұмысын жақсарттады. Төртіншіден, осындай босансу арқылы дене мен ми тыныштанады. Адам басқа ойдан арылып, ықыласы тамаққа ауады. Ол тойынғанын дұрыс сезінеді. Өйткені ол тамақты асығыс емес, баяу қабылдайды.

Бесіншіден, ғалымдар тамақты еденде малдас құрып, отырып ішудің отбасылық ынтымаққа тікелей әсер ететініне көз жеткізіп отыр. Отбасы мүшелері дастархан басында осылай отырған кезде көп ортақ мәселелер жөнінде әңгімелесіп, ақылдасуына мүмкіндік қана емес, жайлы, қолайлы жағдай туындайды екен.

Міне, мәселе қайда жатыр? Баяғы ата-бабаларымыз иоганы білмей-ақ, ғылымынан хабар алмай-ақ, ненің дұрыс, ненің пайдалы, ненің зиян екенін көрегендікпен, тәжірибемен болжаған. Қазақ халқын қалай дана демессің?Бүкіл салт-дәстүрі, отырған отырысына дейін, болмыс-бітіміне дейін ақылгөйлік пен данагөйліктің иісі аңқып тұрған жоқ па?!

Қыс қыстауға, жаз жайлауға көшіретін киіз үйінің өзінің қаншама пайдасы бар. Киіз үйде ұйықтап ерте сергек оянып, тамға кірсеқ қапырық болатын. Киіз үйдің ішкі әдемілігі, ортақ шаңырағы, бірлік пен берекенің ұясындай ғой шіркін!

Берін айт та бірін айт деген. Шынында ғалымдардың ақыл-кеңесіне құлақ түріп, малдас құрып немесе нәзікжандыларға тізе бүгіп, бір жағына майысып отырып шай құйған қандай керемет! Менікі тек құлаққағыс. Денсаулық өздеріңізге қымбат, ағайын!

Gaynar ҚОЖАХМЕТОВА

Хабарландыру

«Қызылорда облысының мемлекеттік архиві» КММ-ның «Жалағаш аудандық архиві» филиалының басшысы Ибраев Жанғабыл Сахауович 2022 жылы 13 қыркүйек күні Жалағаш кенті, Жамбыл көшесі №8 мекен-жайда жеке тұлғалар мен заңды тұлғалардың өкілдеріне жеке қабылдау өткізетінін хабарлаймыз.



Осы аптада «AMANAT» партиясы Жалағаш аудандық филиалында жетекші партияның «Өзгерістер жолы: әркімге лайықты өмір» сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөнінде қоғамдық кеңес өтті.

Г.АСҚАРҚЫЗЫ



Бәрекелді!

Қазір қамба астыққа толып, диқандар науқанды қорытындылайтын мезгіл. Уақытында аяқ су мәселесі қос бүйірден қысқаны болмаса, ала жаздай күтімі көліскен күріштің биыл шығымы жаман болған жоқ. Сушылардың иығынан кетпен түсіп, келесі міндет механизаторларға артылып отыр. Жергілікті шаруашылықтарға тиесілі егіс алқабының қай-қайсысына барсаңыз да бітік шыққан өнім мен оны астындағы комбайнымен сұлатқан механизаторларға кезігесіз.

Расында бүгінде аяқ су диқандардың басты мәселесіне айналған. Сырдың суы сирағынан келмесе де, дарияның сыртынан қарап, оның айтарлықтай тартылып жатқан аңғару қиын емес. Алайда шаруашылықтар бұл мәселеден де айналып өтудің амалын тауыпты. Былтыр осының салдарынан өнім сапасы сыр бергендіктен жергілікті шаруашылықтардың басым бөлігі жаз бойы алқаптағы дақылды сурауға арнайы насостар пайдаланған.

Иә, биыл алқаптағы өнімнің бітік шығуын біз сонымен байланыстырдық. Себебі Сыр салысының тыңайтқыштан бөлек, басты қорегі су екені айтпаса да белгілі. Былтыр да межелеген өнімді жиган жалағаштық диқандар биыл одан да жоғары астыққа қол жеткізуді жоқпарлап отыр. Оған себеп те жоқ емес, әрине.

Сәрсенбінің сәтті күнінде аудандағы «Мега агро» шаруа қожалығы да күрішке орақ салды. Манарбек Еспанов басшылық ететін шаруашылыққа тиесілі алқаптағы өнімнің де шығымы жаман емес. Басы дөнге толы Сыр салысын елдің ырысына айналдырған бұл ұжым биыл күріштен тау тұрғызары хақ.

Негізінен «Мега агро» күзгі науқанды оң нәтижемен қорытын-

дылауды дәстүрге айналдырған. Былтыр да қамбасы тасыған шаруашылық төрағасы биыл одан да жоғары өнімге қол жеткізуді жоспарлап отыр.

«Елгіштің баласы арық қазып ойнайды» дейді дана қазақ. Оның бер жағында «Алма ағашынан алысқа түспейді» деген де алдыңғы буын ағалар. Манарбек Еспанов ағамыздың арғы тегіне сәл тоқтасак, оның адал еңбекті кәсіп етуін түсіне қоямыз. Әкесі Ұзақ Еспанов — Жалағаштың өсіп-өркендеуіне саналы ғұмырын сарп еткен атпал азамат. Әр салада қажырлы еңбек еткен қайраткердің, Еңбек Ерінің саналы ғұмыры кейінгі буынға үлгі. Әкеден алған тағылымды өнегелі ісімен өрістеткен Манарбек Еспановтың да аудандағы жоғары деңгейдегі түрлі шараларға, өңір руханиятының өркендеуіне, тағылымды туындылардың қалың оқырманға жол тартуына қаржылай қолдау көрсетуден шет қалғанын көргеніміз жоқ.

Бүгінде Мөкең бір ғана шаруашылықпен 125 адамды жұмыспен қамтып отыр. Олардың ай сайын алатын жалақысы да жоғары. Тіпті сабантойда еңбек өнімділігімен алға шыққан дала дарабоздарына бірнеше темір тұлпар, қомақты қаржылай сыйақы үлестіруді де төраға



Еңбегімен жер емген, бақ-беделге кенелген

дәстүрге айналдырған. Манарбек Еспанов бұл мақсатқа автокөліктен бөлек жыл сайын 20 млн теңге қаржы бөліп отыр. Диқандар мен механизаторларға шабыт беретін дәстүрлі шара биыл да жалғасын таппақ.

2014 жылы құрылған шаруашылық жұмысын 900 гектар жермен бастаған. Былтыр да дәл осы көлемде күріш еккен мұндағы диқандардың Сыр салысынан жиган орташа өңімі 50 центнерден асты. Алды 70 центнерден жоғары өнім жиыпты. Төраға сусорғыш насостар арқылы жаз бойы тығырықтан шығар жол тапқан. Дәл осындай құралдың «Мега агрода» төртеуі бар.

Биыл да аяқ су қат болғанын қалың жұрт жақсы біледі. Бұл ұжымның да көктемгі науқанды кеш бастауына аталған мәселе сеп болыпты. Болмаса төраға күріштің күтіміне қажетті материалдарды ерте көктемде алып қойған. Ал техникаға келсек, «Мега агроның» техникалық базасы бүгінде 100

пайызға жаңарған. Манарбек Еспанов бұл бір жағынан еңбек өнімділігіне де оң әсерін тигізгенін айтады.

— Биыл көктемде біз дәнді 6 мамырда септік, оған аяқ судың жетіспеушілігі басты себеп болды. Болмаса шаруашылықта техникаға, жанармайға, тұқымға, басқа да қажетті материалдарға байланысты мәселе болған жоқ. Жасыратын несі бар, аяқ су былтырғыдан да қиын болды. Тіпті күрішіміздің алды 14-19 күнге дейін суусыз жатқан кездер болды. Рас, бұл тығырықтан былтыр біз сусорғыш насостар арқылы шыққанбыз. Быыл да оның үшеуін іске қостық. Ал біреуін іске қосып, су алатын жер таппадық. Диқандардың ерен еңбегінің нәтижесі болар, бірақ күріштің шығымы жаман болған жоқ. Биыл былтырғыдан да жоғары өнім алуды межелеп отырмыз, — дейді төраға Манарбек Еспанов.

Айта кетейік, биыл Мөкең төрағалық ететін шаруашылық 828 гектар алқаққа Сыр салысын сепкен. Сұрпын сұрасаңыз, қазіргі сұра-

ныстағы «Лиедр» тұқымы. «Мега агроның» күріштің бұл сұрпын өсіріп отырғанына бірнеше жыл болыпты. Аймақтағы басты дақылдың бұл түрін күтіп-баптау Сыр салысының басқа да түрлерінен айырмашылығы шамалы. Шаруашылық бұл қадамға тек сұраныс жоғары болғандықтан барып отыр.

Ауылдағы алғашқы орақ өндіріс бригадирі Иманғали Дәулетбаевтың егіс алқабынан басталды. Қарамағында 15 қызметкері бар бригадир былтыр 380 гектар алқаққа дән сепкен. Одан жоғары өнім алған Иманғали ағамыздың биыл егіс алқабы да ұлғайды. Биыл Дәукең басшылық ететін бұл ұжым 410 гектар алқаққа күріш егіпті. Оның шығымына осындағы 10 диқан жауапты.

Салада 53 жылдық тәжірибесі бар білікті маман күріштің үлкен күтімді қажет ететінін айтады. Ал оның барлығы жаз айларында жасалатынын ескерсек, дала дарабоздарының қажырлы еңбегіне

қанығамыз. Биыл аяқ су мәселесі күрделенгендіктен мұндағы диқандарға екі есе жауапкершілік жүктеліпті. Ал алқаптағы Сыр салысының шығымына қарасақ, олардың сенім үдесінен шыққанын айқын аңғарасыз.

Асқар тау әкеден тағылым алған Манарбек Еспанов жыл сайын көктемгі және күзгі науқанды абыз ақсақалдардың, ақ жаулықты өжегердің батасымен бастауды дәстүрге айналдырған. Биыл да ол дәл осы салпынан жанылған жоқ. Шарада ауылдың ардагерлері төбе көрсетіп, қаншама адамды жұмыспен қамтып отырған Мөкеңнің жұмысына табыс тіледі. Шара соңында келген қонақтарға дастархан жайылып, Түмен әулемнің рухына құран бағышталды. Еңбегімен жер еміп, бақ-беделге кенелген шаруашылық тойының соңы рухани шараға ұласты.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ



Сезім — адами қалыптың қабырғасы

Адамзатты жердегі өзге тіршілік иелерінен бөлектеп тұратын артықшылығы — ақылы мен сезімі. Ар мен Ұяттың өзі осы екі ұлы күшке байланып тұрған секілді болады маған. Өйткені ақылы аз, сезімі әлсіз пендедегі ар мен ұятты таразыға тартсаң, безбеннің бос тұрған басы селт етпес еді...

Жалпы психология ғылымында адамның мінез-құлқын меланхолик, холерик, сангвиник, флегматик деп төрт темпераментке бөледі. Бұның әр қайсының ерекшеліктеріне тоқталу қажет емес шығар, өзін «танитындардың» барлығы өздерінің қай топқа жататынын біледі. Қарап отырсаңыз, адам болмысың бойындағы мінез ерекшеліктерін сипаттайтын осы төрт темпераментте де сезім бар. Әр адамның мінез-құлқы бір-біріне қайшы болғанымен, сезімі бір — адами сезім.

Мына жарық дүниедегі Алланың сансыз нығметтерінің барлығын адам баласы ғана естіп, көріп, қабылдап, сезіне алады. Ғажайып үн, сиқырлы сазға жүреп елжіреп, елітеді, табиғаттың сұлулығына, айналасындағы басқа да ғаламаттарға таңғалып, әсерленеді. Айтайын дегеніміз де осы, қазір біз әсерленуден қалдық. Бұл біз үшін өте қауіпті құбылыс. Айналаңдағы тұмса табиғаттың сұлулығынан, адам қолымен жасалған сәулет өнерінің туындыларынан әсер ала алмаймыз.

Тіпті көшеде келе жатып айналамызға қарауды да қойғанбыз. Көңіліміз күнделікті күйбең тірлікке, жанарымыз — жерге байланған. Көктем тұса, табиғатпен бірге түлеп, жаңаруды, жаз шықса, жайқалып көңіліңнің бағына гүл өсіруді, күз

келсе, сарғайған жапырақтарға қарап өмір туралы ойлауды, қыс түссе, зілмауыр ойдан сананы «тазартуды» ұмыттық.

Қазір балалардың өзі мезгіл ауысқанда қуанбайды, шаттанбайды. Мәселен, көктем туып, жерге көк шықса немесе қыс түсіп, жапалақтап қар жауса алақайлап жүгірген бала көрмейсің. Сонда олардың бойынан да балаға тән еліту, қымарту, әсерлену деген сезімдер сарқылып бара жатыр ма? Бала — үлкендердің көлеңкесі. Әр бала тек ата-анасының қимылын, яғни іс-әрекетін ғана қайталамайды, оларға әресектердің ішкі сезімі де әсер етеді. Түсінікті тілмен айтқанда, ата-ана мен баланың арасында сыртқы байланыстан бөлек, ішкі байланыс та бар.

Біз, әресектер көктемді — егіс егетін мезгіл жазды — еңбек ететін және еңбек демалысын алып, қыдыратын мезгіл күзді — өгін жинайтын мезгіл қысты — от жағатын мезгіл деп қана түсініп, танып, қабылдайтын дәрежеге дейін түстік қазір. Сондықтан балаларымыз, бүгінгі жас ұрпақ өзін қоршаған ортаның әрбір ерекшеліктеріне елітіп, табиғаттың тамашаларына әсерленбесе өзіміз кінәліміз және бұл орайда баланың дүниетанымы туралы айтуға да қақымыз жоқ...



Бала күнімізде лирик ақындарды жастанып жатып көп оқыдық. Сол авторларымыздың өлеңдерін оқыған сайын құмнан өзге ештеңе көрмеген біз «қарағайлы орманды аралап», «биік тауларға шығып», «шалқыған теңізге шомылып» қайта-тынбыз. Жазушылардың да әрбір шығармаларындағы табиғатты суреттеуі қандай еді?! Көз алдында сан алуан түске боялған сурет оянады. Дәп сол тұмса табиғатта өзіміз серуендеп жүргендей болушы едік. Тіпті сол жердің саф ауасын да сезінуші едік. Ал қазіргі балаларды кітаптағы туындылар тұрмақ, түрлі-түсті теледидардағы дүниелермен әсерлендіре алмайсың...

Еуропаның көп мемлекеттерін «оларда ұлттық құндылық, отбасылық құндылық деген жоқ, азғындылық кеткен. Олардан үйренетін ештеңе де жоқ» деп байбалам салатындар көп. Алайда, байлап-тасаң, кейде маған бізге қарағанда Еуропадағы өркениетті мемлекеттердің көбі өз табиғатын сақтап қалған сияқты көрінеді.

Мәселен технологиялық даму тұрғысынан бізден бір ғасыр алға кетіп қалған еуропалықтар, тіпті

Азиядағы жапондықтар мен корейліктердің өзі табиғи болмысын жоғалтпаған. Сосын көлігі бола тұра жаратылыстың сырын біліп, тынысын сезініп, әсерлену үшін жасыл желекті гүлзарлардың, саябақтардың арасымен жаяу жүретін, күн сайынғы дағдымен серуендейтін де солар. Балаларын табиғат аясына көп шығаратын да солар. Онда да біз секілді балаларды қыдыртамын, қуантамын деп көлікке отбасын тиел алып өзен, көлдің жағасына немесе таудың баурайына апарып көуап істеп, қуырдақ қуырып, тамаққа тойып қайтып келмейді. Олар күні бойы өздері де, балаларына да саф ауаны тамақ қылады және сол жердің сұлулығы арқылы жанын тыныштандырып, жұмыстан ширыққан жүйкесін босатады, балаларының да эстетикалық талғамын қалыптастырады, өнерге деген қабілетін оятады, тарихи танымын кеңейтеді. Олар көшке дейін тұмса табиғаттың ғажап көркін тамашалап, тылсым сырларына бойлап, ауызы арқылы асқазаны емес, көзі, жүрегі арқылы сезімін қоректендіреді.

Қуат АДИС

Әдемілік — үйлесімділікте

Әлемде әр халық пен қауымды басқа халықтардан ерекшелетін тілі мен дінін айтпағанда, салт-дәстүрі, ішер асы мен киімдері болады. Ал, біздің бүгінгі күнгі киім кию мәдениетіміз қандай? Қазіргі уақытта қалай киініп жүрміз?



Киім кию адамның сыртқы дүниесіне ғана байланысты мәселе емес екені анық. Адамның киген киімі оның ішкі жан дүниесінен хабар беріп тұрады. «Адам көркі — шүберек», «Таныған жерде өң сыйлы, танымаған жерде тон сыйлы» деген сөздер де осы жайды аңғартады. Ұлттық киім — бай тарихи-мәдени мұра, оны зерттеу бізді өткен ғасырлардағы әдет-ғұрып, салт-дәстүр, халықтың хал-ақуалынан кең көлемде хабарлар етеді. Қазақ халқының киімі басқа ұлттардан өзгеше және өзіндік қасиетке ие. Бұл ұлттық киім кию әдебіміз, өзіндік бітім-болмысымызды айқындайтын киімдеріміз қандай болды? Қазақ халқының қыз-келіншектері қалай киінген? Бұл сұрақтардың төңірегінде жауап іздесек, тәлімі мол, дана халықтың тектілігіне қайран қаласыз. Қазақ қыз-келіншектері киімінің негізгі ерекшелігі — тұла-бойды жауып тұратындығында. Өйелдің киімі, әсіресе, бас киімі оның жасы мен отбасындағы жағдайына байланысты өзгеріп отырған. Ұлттық киімдеріміз аса шеберлікпен, дәлдікпен, әсемдікпен тігілген. Кімде жалпы халықтың болмысы, көшпелі ұлттың қатпарлы тарихы қатталып жатқандай. Қыз етегінің ұзын болу себебі, бальмақты білдірсе, киімшек секілді басты жауып тұратын бас киімдер көшпелі халықты жердің өтінен, күннің ыстығынан, қыстың ызғарынан қорғаған. Қысқасы, жүректеріне имандылық ұлаған халық сонау ықылм заманнан бері өз дәстүрін жоғалтпай, бүгінгі күнге дейін киім кию мәдениетін сақтаған.

Киімнің күнделікті тұрмыс-тіршілікке, ортаға, адамның жасына қарай ыңғайлылығына да аса мән берген.

Киімнің негізгі міндеті аты айтып тұрғандай адамды киіндіруі тиіс болса керек. Өкінішке орай, заман ағымына еріп сен қуып жүргендер баршылық, оларға қарап қарның ашады. Кейбір жастарымыздың батыстануға бүйректері бұрып жүр. Біз бұл сезімсізбен көпке топырақ шашқымыз жоқ. Дегенмен, қазіргі уақытта ұлттық ұстанымға келмейтін, кезге ерсі көрінетін, кіндікті көрсетіп тұратын немесе жартық киімдерді «санге балап» жүргендерді көзіміз көріп жүр. Болашақ ана, елдің ертеңі көлер ұрпаққа тәрбие беретін қараөздеріміз мәдениеттен алыстаса, елдің тізінін ұстайтын ер жігіттеріміз сыра тағынып, қызыл-жасылға бейім болса текті халықтың тектілігі қайсы? Үйдегі ата-ана түздегі ұлына ақыл беріп, жігерін жаныса, қызына қырық үйден тыйым салса намысты жігіт, ұятты қыз өседі.

Жалпы, әдептен озбай-ақ әдемі болуға болады. Сәнді көріну үшін асқан байлықтың да, ашық-шашық киім киюдің де қажеті жоқ. Тек киім түрлерін үйлестіруді білсеңіз болғаны. Өзгені үлгі қылып, елкістемей-ақ, өз ұлтымыздың ұлттық нақыштағы киімін заманға сай үйлестіріп, жарасымды етіп киісең оның өзі елге, ұлтқа, ата-бабамыздан жеткен дәстүрге деген құрметіміз, адап-дығымыз болар еді.

Нұр НАУАН

Меншік иесі:



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҒАРБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас редактор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8(7242) 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 3075 Тапсырыс № 1510

Кезекші редактор: Қуат АХЕТОВ